

# Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

a.yassau@mail.ru университет студенттерінің үні №14(477) 15 қараша 2019 жылы

БҮГІНГІ  
НӨМІРДЕ

## ОҚУ ОРДАМЫЗДА ОЗЫҚ ҮЛГІДЕГІ ЕКІ ЗЕРТХАНА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Бүгін Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Кентау институты қабырғасында оқу ордасы сенатының шешімімен және «Кентау Трансформатор зауыты» АҚ қолдауымен екі заманауи, озық үлгідегі ғылыми зертхана кабинеттері пайдалануға берілді.

2 БЕТТЕ

## ҰСТАЗДАР ҰЛЫ ТҮЛҒАЛАР

Қоғам әрқашанда білім саласы қызметкерлеріне ерекше міндет жүктейді. Ұстаз болу – жүректің батырлығы, дегендей шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

3 БЕТТЕ

## УНИВЕРСИТЕТ АРУЫ-2019

Оқу ордамызда «Шаңырақ» студенттік клубтар басқармасы «Шолпы» қыздар клубының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Университет аруы – 2019» байқауы өтті.

Жалпы байқау төрт кезеңнен тұрды. Сұлулық пен әдеміліктің байқауында қыздар өз өнерлерін көрсетіп, дефилиде жүріп өтті.

4 БЕТТЕ

## БОЛАШАҚТА ОҚЫП ЖҮР БЕС БАЛАНЫҢ АНАСЫ

Нәзира БАЙЫРБЕК – бүгінде әдеби ортада біршама танылып қалған қаламы қарымды журналист. Қазір АҚШ-та «Болашақ» бағдарламасымен білім алып жатқан мақтаулы түлектеріміздің бірі. Республикалық «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Ақ жол Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерінде, «Жалын» журналында қызмет етті. Белгілі опера әншісі Нұржамал Үсенбаеваның өмірі мен шығармашылығына арналған «Нұржамал», «Билік – биіктік емес», «Журналистің жұлдызды сәттері», «Күләш Ахметова» атты кітаптардың авторы. «Өмір-баяндық әссе» жанрында соны бір із қалыптастырып жүрген жас жазушы.

8 БЕТТЕ

## ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІ

Түркиялықтар Республика күнін (тур: Cumhuriyet Bayramı) жыл сайын 29 қазанда елдерінде кең көлемде атап өтеді. Бұл мереке 1923 жылы Түркия Республикасының (Cumhuriyet Türkiye) жариялануына орай белгіленген. Осыған орай, бүгін біздің университетіміз де атаулы мерекеге қолдау көрсетуде. 96 жылдық мерей тойын тойлап жатқан түрік бауырларымызды құрметтеу мақсатында университетімізде білім алушы студенттер мен оқытушы-профессорлардың қатысуымен мерекелік шара өтті.

### Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ректоры Болатбек Абдрасилов:

«Құрметті түбі бір, түркі бауырларымыз. Сіздерді Түркия күнімен құттықтаймын! Бүгін бүкіл түркі халықтарының мейрамы. 96 жылдығын тойлап отырған бауырларымыз сіздермен достығымыз берік болсын. Баршамызға белгілі, 1991 жылы Тәуелсіздік алған уақытта дербестігімізді алғаш танып, жарты сағаттан кейін құттықтаған Түркия Республикасының сол кездегі президенті Тұрғыт Озал болатын. Экономикалық байланыс, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынас орнату мақсатындағы алғашқы қадамдар одан бұрын, яғни, Кеңес Одағы ыдырай бастаған уақытта басталған. Түркия үкіметі арнайы делегация жіберіп, саяси-экономикалық жағдайымызбен алдын ала танысып, ішкі дайындық жұмыстарын жүргізгенін атап өткеніміз жөн. Сондай сындарлы саяси шешімнің арқасында алғаш бұл университет Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен рухани астанамыз – Түркістан қаласын өркендету мақсатында құрылды. Атап айтқанда ХҚТУ 1992 жыл Елбасымыздың бастамасымен сол кездегі Түркия Премьер министрі — С.Демирелдің қолдауымен халықаралық келісім арқылы құрылған. Екі бауырлас елдің басшыларының Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін түркі әлемнің рухани астанасы –Түркістанда құруы тарихи оқиға, саяси кемеңгерлік, аталарға тағзым деп бағалауға болады. Оқу ор-



дамыз қазақ-түрік достығының символы болып табылады. Сондықтан біздің университетті Тәуелсіздігіміздің алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде қарауымызға болады. Міне содан бері Түркия мемлекетімен достық қарым-қатынасымыз жалғасып, күні бүгінге дейін экономикалық тұрғыда және мәдени-рухани жақындықта

әріптестік орнатып келеміз. Екі елдің бауырластық қарым-қатынасына алтынкөпірдей болған біздің университетіміз бүгінде түркітөкес елдер арасында халықаралық мәртебеге ие болған тұңғыш білім-ғылым ордасы. Түркиялық бауырларымызды бүгінгі Республика күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

## «ЯСАУИ ТАҢУ-2019» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұйымдастыруымен оқу ордамызда мектеп оқушылары арасында дәстүрлі «Ясауитану — 2019» республикалық байқауы өтті. Жиырма үш жыл бойы дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан байқауға Республикамыздың әр аймағынан 40-тан астам оқушылар келіп қатысты.

Байқау - қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін насихаттауға арналған. Өскекең ұрпақты Ұлы дала мұрасын терең меңгеріп зерттеуге ын-таландыру. Кесенеде жерленген тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін өскекең ұрпақ бойына сіңіруді мақсат тұтады. Республикалық байқауда еліміздің Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Түркістан облыстары мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларынан жалпы 41 оқушы сайысқа түсті. Байқауға тарих ғылымдарының кандидаттары, археолог, ғалым, Ясауи танушы және мәдениет саласының үздіктері бүгінгі бақтарын сынап отырған жас қырандарға төрелік жасады.

Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең – «Баба мұрасы — балаға аманат» тақырыбы бойынша Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін жатқа айту бойынша сынға түсті. Екінші кезең – «Білім мыңды жығар алысқанда» деп аталды. Бұл кезеңде қатысушылар сұрақтарға жауап береді.

«Ясауи тану-2019» байқауының



II-кезеңіндегі сұрақтарда Ясауидің өмірбаяны мен шәкірттері туралы, Түркістан қаласының тарихы, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларының мәні мен мазмұнын қамтыды.

Байқау жеңімпаздарына қомақты қаржылай сыйлықтар және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің гранты тағайындалды. Бас жүлдеге Түркістан облысының қатысушысы Қосабай

Алма (150 мың теңге), 1 орынға Түркістан облысы, Түленов Әмірзақ (100 мың теңге), 2 орын Шымкент қаласы Аманжолова Ұлжан (75 мың теңге), 2 орын Алматы облысы Нұрмолда Медеу (50 мың теңге), 3 орын Бейбітшілік Сымбат (Қызылорда) 50 мың, Нұржан Тогжан Алматы облысы (50 мың теңге), 3 орын Усенбаева Дилназ Жамбыл облысы (50 мың теңге) оқушылардың ұстаздарына да алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсырылды

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# Оқу ордасында озық үлгідегі екі зертхана пайдалануға берілді



*Бүгін Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Кентау институты қабырғасында оқу ордасы сенатының шешімімен және «Кентау Трансформатор Зауыты» АҚ қолдауымен екі заманауи, озық үлгідегі ғылыми зертхана кабинеттері пайдалануға берілді. Ашылып жатқан зертхана кабинеттерінің бірі «Alageum Lab» және екіншісі Илияс Қожабаев атындағы Smart Sensor Systems кабинеті атауына ие болды. Иновациялық жүйедегі заманауи жабдықтармен жабдықталған зертхана құрылымы электро-энергетика, автоматизация және басқару білім беру бағдарламаларының тюркториясына сәйкес студенттерге және ғылыми жұмыстар жүргізу үшін магистранттар мен докторанттарға арналған.*

Жаңадан ашылып жатқан зертханалар университетіміздің Кентау институтында орналасқан.

Шараға Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-дың ректоры Болатбек Абдрасилов, I вице-президент Жениз Томар, Кентау қаласының әкімі Дәурен Маханов және еліміздегі электро-энергетика жабдықтарын шығарушы «Alageum Electric» компаниясының басшысы Сейдулла Қожабаев бастаған бірқатар азаматтар қатысты. Екі заманауи, озық үлгідегі ғылыми зертхана кабинеттерінің лентасы қиылды.

Зертхананың демеушісі — «Alageum Electric» компаниясының еншілес кәсіпорны «Кентау Трансформатор Зауыты» АҚ. Жобаның жалпы құны 42 млн теңгені құрайды.

Айта кетейік, зертхана құрылымының мақсаты — электроэнергетика, автоматика ғылымдары мен инженерия білім беру саласында қазіргі замануи және өндірістік тәжірибеге негізделген білім бере отырып, бәсекеге қабілетті инженерлік мамандарды даярлау. Яғни, заманауи жабдықтармен жабдықталған зертханалар электро-энергетика мен ақпараттық коммуникациялық технологиялар бойынша инженер мамандарын дайындау бағдарламаларымен білім берілетін студенттерге арналған. Ашылу салтанатында алғы сөз университет ректоры Болатбек Серікбайұлына берілді.

— Былтырдан бері инженерия факультетінің Кентау қаласына көшіру бойынша шешім қабылдаған болатынбыз. Бүгінде бұл факультеттің осы қалаға көшірілгеннен кейінгі қуанышты жаңалықтарына куә болып отырмыз. Жаңа жобаларымыз жүзеге асып жатыр. ХҚТУ-дың базасында екі ғылыми зертхана ашылуда. Біз, бүгінде «Alageum Electric» компаниясының құрамына енетін «Кентау Трансформатор Зауытымен» дуальді оқыту жүйесі бойынша инженерлік мамандарды дайындауды қолға алдық. Бұл өте тиімді әдіс. Осының арқасында тікелей әріптестік негізінде дайындап жатқан мамандарымыздың болашақта жұмысқа орналасуы да жақсармақ. Сонымен қатар, оқу процесі мен практиканы ұштастыра отырып, өндірістегі жұмысқа дайындықтарын жақсарту алады. Кентау трансформатор зауыты дүние жүзіне белгілі үлкен зауыт. Бұл кәсіпорыннан шыққан өнімдер дүние жүзінде сатылымға ие. Осы зауыт бізге зор мүмкіндік сыйлап отыр. Студенттеріміздің болашағына жол ашып отыр десек те болады, — деп «Alageum» компаниясының басшысы Сейдулла Қожабаевқа алғыс хат табыстады.

Сондай-ақ, ол кісіні студенттердің білімін жетілдіру мақсатында оқу ордамызда дәріс беруге шақырды.

Осы орайда қуанышты бөлісуге арнайы келген Кентау қаласының әкімі Дәурен Маханов университет дайындап жатқан мамандарға деген қажеттіліктің алдағы уақытта еселей артаатынын тілге тиек етіп, құттықтауын жеткізді:

«Кентау қаласында осындай халықаралық университеттің болуы үлкен мақтаныш. Сіз басқарып отырған оқу ордасында сырт елдерден де келіп оқып жатыр. Университет пен зауыт өзара әріптестік орнатып, мамандар дайындап жатқаны қуанышты жағдай. Түркістан қаласының облыс орталығы болуына орай алдағы жылдары екі қаланың ортасындағы Орангай елді мекені тұсынан 400 гектардай аумақ жерге арнайы экономикалық аймақ салынады. Сол жерде де заманауи кәсіпорындар бой көтереді. Ол жерлерге де мамандар керек болады. Сондықтан университет дайындаған мамандар қажет. Бүгінгі ашылып жатқан зертханалардың маңызы зор», — деп табыс тіледі.

Жиында «Кентау Трансформатор Зауыты» сынды ірі өндіріс компаниялардың басын біріктіретін «Alageum Electric» холдингінің басшысы Сейдулла Қожабаев та тілек білдірді.

«Мына бүгінгі атқарылып жатқан іс-шара біз үшін үлкен қуаныш, жоғары мәртебе. Мәселен, трансформатор зауытына қатыстысын айтар болсақ, бұрын қазіргідей мүмкіндіктер болған жоқ. Ол кезде тіптен зауыттағы жетекші мамандарды тікелей Ресей немесе басқа республикалардан әкеліп, тағайындайтын. Бүгінде мемлекетіміз егеменді ел болғалы қаншама жақсы істерді жүзеге асырып жатырмыз. Соның арқасында бұрын сырт елдерге тәуелді болып келген тауарларды өзімізден шығара бастадық. Бүгінде осы университетпен бірлесіп әріптестік орнатып, жақсы жұмыс жасап жатырмыз. Атап айтқанда, университетте инженерлік мамандық бойынша білім алып жүрген студенттерді бірлесіп дайындауды қолға алдық. Ашылып отырған зертханалар студенттердің білімін жетілдіру үшін өте қажет. Ендеше іске сәт!», — деп қолдау жасағаны үшін университетке басшылығына алғысын білдірді.

Салтанатты ашылуға сөз алған университеттің I вице-президенті Жениз Томар бүгінгі шараның маңыздылығын атап өтті.

«Кентау қаласының екі артықшылығының бірі, мұнда әлемге әйгілі халықаралық университет болса, екіншісі танымал ірі зауыт бар. Бұлар Кентаудың үлкен мүмкіншілігі. Алагеумді Түркияда да бәрі біледі. Сондықтан осындай зауыт біздің университетке көмек беріп жатқаны және бірлесіп жұмыс жасап жатқаны біз үшін үлкен мәртебе», — деді I вице-президент.

Украина елінің профессоры



Сергей Тиховод есімді ұстаз да өзінің жүрек-жарды лебізін білдіріп, Қазақстанның білім саласындағы жетістіктеріне деген таңданысын білдірді.

«Мен Запорожье қаласынан келіп отырмын. Ол қала трансформатордың астанасы десек те болады. Дегенмен де, Кентауда бізде жоқ стэндтердің болуы мені таңқалдырды. Біз бірге жұмыс жасауға және осындағы технологияны барынша қолдануға дайынбыз», — дейді.

Қонақтардың қатысуымен зертханалардың лентасын қию рәсіміне жалғасты және жабдықталған жаңа зертханалардың жұмысымен танысты.

Университеттің оқу ісі жөніндегі вице-президенті Әмірбек Үмбетовтің өңімеге тартқанымызда, ол зертхананың ашудағы маңыздылығына тоқталды:

«Бұл екі зертхана да студенттерді төрт бағытта, яғни робототехника (инновациялық мамандық), ақпараттық жүйелер, электро-энергетика және автоматтандыру мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасымен дайындайды. Студенттеріміз осында 3 күн теориялық сабақ өткізсе, КТЗ зауытына барып екі күн бойы тәжірибелік білім алады. Сол себепті мамандарды дайындау бойынша әріптестік негізде бірге жұмыс жасап жатқан «Alageum Electric» компаниясы жылына 300-350-ге дейін біздің бітіруші түлектерімізді жұмысқа қабылдауға мүмкіндігі бар», — дейді.

Шара барысында Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Кентау институтының директоры Үсенбек Рахметовтің де пікірін білдік.

— Бізде бүгін екі ғылыми

зертхананың ашылуы болып отыр. Бұл университет ректоры Болатбек Абдрасилов пен Кентау трансформатор зауытының басшысы Сейдулла Қожабаевтың үлкен идеялық қолдауымен жүзеге асып жатыр. Бұның негізгі мақсаты — болашақ инженер мамандарды заманауи құрылғылармен жабдықтылып отыр. Трансформатор зауытымен бірлесіп жасалған дуальді оқыту жүйесі негізінде біз бәсекеге қабілетті, мықты мамандар даярлап шығара аламыз — деді.

Осы орайда ХҚТУ-нің қабырғасында электр-энергетика мамандығы бойынша білім алып жүрген 3-ші курстың студенті Ерсултан Болатбайда бүгінгі шараға қатысты ойын айтты.

— Бұл бізге берілген жаңа мүмкіндік. Дуальді оқыту жүйесі арқылы біз ғылымды тәжірибемен ұштастырамыз. Біз тек теория жүзінде ғана емес практика жүзінде көзбен көріп, қолмен ұстап, дайындығымызбен мамандығымызға деген махаббатымызды ұлғайтудамыз. Әр аптада екі күн Кентау трансформатор зауытында таңғы 8:00-ден кешкі 17:00-ге дейін тәжірибелік дәрістен өтеміз. Мұнда жұмыс жасайтын қызметкерлерден білмегенімізді сұрап, білімімізді толықтырып жатырмыз. Бізге беріліп отырған бұл мүмкіндікті біз де тасада қалдырмаймыз. Әр апта сайын зауытқа баратын күнді асыға күтеміз. Себебі мұнда алған біліміміз өте ерекше, — деді ол.

Мерекелік шараның соңы концертке ұласты. Қ.А. Ясауи ХҚТУ-дің өнерпаздары мен студенттері ән шашудан ән айтып, би билеп өздерінің

өнерлерін көрсетті.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дың ректоры Б. Абдрасилов және Кентау трансформатор зауытының бас директоры С. Қожабаев Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Аталмыш құжат аясында білім, ғылым және технология саласында түрлі жобаларды бірлесіп жүзеге асыру туралы келісімге қол жеткізіліп отыр. Кентау трансформатор зауыты негізінде университетіміздің студенттерін дуальді оқыту бағдарламасын бірлесіп жүзеге асыру жедел жобалардың бірі болып табылады. Ол білім беруді және экономиканың нақты секторын біріктіру туралы Мемлекет басшысының идеясын іс жүзінде жүзеге асыруды көздейді. Бағдарлама Жоғары Мемлекеттік басқару және экономика мектебі мен Инженерия факультетінің 6 мамандығын қамтиды. Жоба аясында бүгінде университет қабырғасындағы теориялық оқумен қатар тікелей тағдырда практикалық дайындық үйлестіріліп оқытылып жатыр. Атап айтқанда, инновациялық оқу жоспарлары аясында университеттің студенттері теория бойынша сабақтың бір бөлігін оқу ордасында оқыса, қалған бөлігінде зауыт мамандарының жетекшілігімен студенттер өз мамандықтары бойынша практикалық жұмыс дағдыларын иелену үшін зауытта өткізеді.

Аталмыш жоба бүгінде Қазақстанда дуальді білім концепциясын тәжірибелік жүзеге асырудың алғашқы нақты мысалдарының біріне айналды.

АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ

## «ҰСТАЗДАР - ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»



«Азбайтұғын адамның алтындығы» – деп ақын Ф.Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз. Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық — ұлық емес, ұлы қызмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасында, ғалымында, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» дегені хақ.

Қоғам әрқашанда білім саласы қызметкерлеріне ерекше міндет жүктейді. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» дегендей шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік

рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да олар әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Осы тұста Ахмет Ясауи университетінің ірге тасын қалаған ардагер оқытушыларымыз әрине баршылық.

Ұстаздық еткен жалықпас  
Үйретуден балаға,  
Әбдіманап ағаны  
Теңейміз біз данаға.  
Университет мақтанышы  
Сіз дарасыз ұстазым.  
Еңбегіңіз бір төбе

Сізге ұстаз мың тағзым,  
- деп өз өмірлерін ұстаздық жолына арнаған ардагер ұстаз – Оңалбек Әбдіманап Керімбекұлы. 1956 жылдың 18-ші қыркүйегінде бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келген. 1974 жылы Ф.Мұратбаев атындағы орта мектепті бітіріп, 1975-1977 жылдар аралығында Кеңестік армия қатарында әскери борышын өтеген. 1986 жылы

қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітіріп, 1997 жылы А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ізденуші болып қабылданады. 1999 жылы 09.00.03- «Философия тарихы» мамандығы бойынша «Қазақ ағартуының ұлттық сананы қалыптастырудағы орны мен рөлі» атты тақырыпта кандидаттық диссертацияны қорғады. Ғылыми - педагогикалық жұмыстарымен қатар, әр жылдары философия кафедрасының меңгерушісі, Халықаралық қазақ-түрік университеті Біліктілік жетілдіру факультетінің деканы, Кентау медицина колледжінің директоры қызметтерін атқарған.

50-ден астам ғылыми мақалалар мен оқу әдістемелік құралдардың және 1 монографияның авторы. Қазіргі таңда ардагер ұстаз, үлгілі ата болып өз жанұясының ұйытқысы бола білген ерекше тұлға.

«Ұстазы жақсының шәкірті үздік» дегендей, уақытпен санаспай бар ынта-жігерімен студенттердің бойына ізгілік нәрін егетін, олардың қабілеттерін ұштап, білгендерін үйрететін ардагер ұстаз.

Кеше ғана жас едік,  
Бізге сабақ бергенсіз,  
Сізден тәлім тәрбие  
Ұлағатты көргенбіз.  
Ұлы ұстаздық жолын  
Абыроймен атқарған  
Сіз бір дара тұлғасыз  
Н а д а н д ы қ т а н  
құтқарған., дегендей арда-

гер ұстаздардың бірі мен бірегей ардагер ұстаз – Дайрабаева Гулаңда Бегалиевна 1960 жылы 18-тамызда Ташкент қаласында дүниеге келген. 1982 жылы Ташкент мемлекеттік университетінде жоғары білім алған. 1991 жылдан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде үздіксіз қызмет етіп келуде. 2008 жылы «Философия» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. 2009 жылдан бастап, Ахмет Ясауи университетінде доцент болып қызмет атқарып, келе жатқан ардақты да абзал жанның бірі. 2014 жылы

және 54 оқу-әдістемелік құралдары жарыққа шыққан.

Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап шәкірттердің бойына жеткізе білгеніңізбен қатар, бойларыңыздағы бар жинал-терген білімдеріңізді студенттердің санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіздер, олардың білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіздер. Ол армандарыңыз сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында орындалды. Біз соған шын жүректен қуанамыз.

Университетіміз үшін білім көшін жылжытып келе жатқан ұлағатты ұстаздар қауымына құрметіміз арта бермек!



А.Ясауи атындағы ХҚТУнің төс белгісі «Ұлағатты ұстаз», 2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәслихатының Грамотасымен марапатталған. 1 монография, 62 ғылыми мақала

**Рая ОҢАЛБАЙҚЫЗЫ**  
Әлеуметтік ғылымдар факультеті  
Қоғамдық ғылымдар кафедрасы

## ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

**Қоғамның бет алысы әйел затының тәрбиесі мен әдебіне байланысты. Өйткені, баланы дүниеге алып келетін, құрсаққа біткеннен бастап негізгі тәрбиені сіндіретін осы әйел заты. Бұл жаратылыс – нәзік әрі сұлу, іштей күшті, қылықты, сезімтал, айналасын ақылымен және айласымен гүлдендіріп, болмаса, түнертіп отыратын күшке ие. Адам баласы үшін ең аяулы, ең қастерлі, қадірлі сөз – ана.**

Өлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым.

Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі.

Өлемнің көптеген елдерінде аналар мерекесі аталып өтеді. Қазақстанда да Елбасы 2012 жылы Ана күнін жариялау жайлы ұсыныс айтып, бекіткен болатын. Бүгінде өлемнің 50-ден астам елінде аталып өтетін мереке біздің елімізде қыркүйек айының үшінші демалысына белгілеген. Аналар күнін атап өтудегі мақсат – ұрпақты аналарға деген сүйіспеншілікке баулу, ананың қоғамдағы орнын, ең құдіретті жан екенін ұғындырып, балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге үйрету. Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Олар ер азаматтармен қатар еңбекке белсене араласып, өздерінің біліктілігімен, қабілет дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне лайықты үлестерін қосып жүр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қоғамның даму барысын өмірде – нәзік, көңілде – биік, ал істе – мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес» деген болатын.

Осы жәйітті ескерсек, университетімізде 5 жыл бұрын Әйелдер кеңесі құрылып, студент қыздармен жұмыс жасау оң орынға қойылғаны өте маңызды.

Әйелдер кеңесі – қоғамдық ұйым болып табылады. Әйелдер кеңесінің қызметі – шығармашылыққа және нақты тапсырмаларды ескере отырып,

әйелдердің өзіндік қызметіне негізделген, оның ішіне кіретіні: ұжымда әлеуметтік-мәдениетті дамыту, отбасының бос уақытын ұйымдастыру, мерекелік шаралар өткізу, ұрпақтар сабақтастығын бекіту, демалыс, мереке күндерді тиімді бірге өткізу, қызметкерлердің балаларын спортқа және басқа да шараларға тарту.

Әйелдердің жалпы жиыны – әйелдердің жоғары қоғамдық ұйымы ретінде әйелдер қызметінің негізгі сұрақтарын шешуге, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге, әйелдердің қоғамдық көзқарасын қалыптастыруға құқығы бар.

Әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайлыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, тәзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу, ата-баба дәстүрін біліп, үлкенге ізет, кішіге ілтипат көрсете білуге, иманды да инабатты қыз бейнесін қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыру мақсатында факультеттерде, жатақханаларда іс-шаралар ұйымдастырылды.

2018-2019 оқу жылында Әйелдер кеңесінің басшылығымен төмендегі іс-шаралар өткізілді: №2 жатақханада «Қызым өркем – қылығымен көркем» атты тәрбие сағаты; №3 жатақханада «Адалдығы болмаса аңсар ма? Ару деген әдемі әрқашанда» - пікірсайыс өтті; Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі факультет ұйымының басшылығымен «Қыз өссе – елдің көркі» атты пікірталас өткізілді; «Ұстаз-ғалым» атты университет ғалымдарымен кездесуді гуманитарлық факультет Әйелдер кеңесі өткізді; №5 жатақханада «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» атты іс-шараны медицина факультетінің студенттерінің қатысуымен өткізді; «Қазақтың бағына біткен апалар мен әпкелер» атты іс-шараны филология факультетінің профессоры С.Ж.Чаканова өткізді; филология факультетінде студенттерімен «Жұмақ ананың табанының астында» атты тәрбие-сұхбат, «Арулар – өмір гүлі» атты мерекелік кеш, «Қызым – үйде, қылығы – түзде» атты пікірсайыстар өтті.

«Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты», «Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді»,

«Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты тәрбие сағаттары, түрлі іс-шаралар факультет деңгейінде ЖМ-328, ЖМ-327, ЖМ -101 F тобының студенттері мен Т.М.Нарынбетованың ұйымдастырумен медицина факультеті деңгейінде өтті.

Студент-жастарға адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын білуге үйрету, студенттерді адамгершілік қасиеттерге бағыттап отырып, рухани білімін байыту, логикалық ойын дамыту, ойын еркін, дәлелді түрде жеткізе білуге жетелеу міндеттерін жүзеге асыру мақсатында іс шара ұйымдастырылды.

Әйелдер кеңесінің басшылығы қаланың белгілі әйелдерді шақырып, студент қыздармен кездесулер ұйымдастырылып отырады. Жоғарыда айтылған іс-шараларды өткізуге Мира Смаилова (Әйелдер кеңесі төрайымының орынбасары, №2 жатақханасының меңгерушісі), Тоғжан Нарынбетова (медицина факультеті Әйелдер кеңесінің төрайымы), Г.Момбекова (Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі факультеті Әйелдер кеңесінің төрайымы); Г.Бабаева (жаратылыстану факультеті Әйелдер кеңесінің төрайымы), Ү.Әділбаева (филология факультеті Әйелдер кеңесінің төрайымы), С.Қожагельдиева (Гуманитарлық факультеті Әйелдер кеңесінің төрайымы), Ж.Қалқабая (№5 жатақханасының меңгерушісі), М.Молдалиева (№3 жатақханасының меңгерушісі), Қ.Саңғылбаева Құралай (№1 жатақханасының меңгерушісі) белсенді қатысты.

«Ел болам десең – бесіңді түзе» деген, ел сенімін ақтап, болашақ ана болар, тәуелсіз еліміздің болашағын алға апарар білімді, тәрбиелі, инабатты, сыпайы, әдепті қыз бала тәрбиелеу ұлы парызымыз деп білейік.

«Қыз - ұлттың жаны» демекші, ата-аналардың аяулысы, құрбы-құрдастарыңыздың қадірлісі мен қымбаттысы, даламыздың гүлі, өміріміздің сәні бола беріңіздер!

**Г.Г.ЕРКИБАЕВА**  
Әйелдер кеңесінің төрайымы,  
п.ғ.д., профессор



# УНИВЕРСИТЕТ АРУЫ-2019

Оқу ордамызда «Шаңырақ» студенттік клубтар басқармасы «Шолпы» қыздар клубының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Университет аруы – 2019» байқауы өтті.



*Университет аруы-2019  
Сымбат Әмірханқызы*

Жалпы байқау төрт кезеңнен тұрды. Сұлулық пен әдеміліктің байқауында арулар өз өнерлерін көрсетіп, дефиледе жүріп өтті. Ал келесі кезеңдерде қыздардың ақылдары мен қол шеберліктері сыналды. Өр кезеңде қыздарға әділ төрелігін беріп отырған қазылар алқасының құрамында Түркиядан келген қонағымыз Йасин Донмез, оқу ордамыздың «Әлеуметтік қолдау және тәрбие істері» жөніндегі вице-президент Әміреқұл Ергешұлы және тағы басқалар болды. Іс-шараның мақсаты: Студент қыздардың тәрбиелік-танымын арттыру, қыздардың ибалы, инабатты болуына септігін тигізу. Бос уақыттарын тиімді пайдалану.


Байқау шарттары бойынша қатысушылар I кезеңде: Өнер (еркін түрде өз өнерлерін көрсетеді, 3 минут), II кезең: Интеллектуал (арулардың салт-дәстүр, университет тарихы мен Елбасымыздың жолдауы аясында білімдері сыналады), III кезең: Дефиле (қыздар кешкі сәнді көйлектерін сән шеруінде көрсетеді. Арулардың сахна мәдениеті мен өзін-өзі ұстауына да баға беріледі), VI кезең. Тосын тапсырма (сахнада берілген тапсырманы 100% орындап шығу. Арулардың қол икемділігі бағаланады.)

«Университет аруы – 2019» байқауына 9 факультеттен 9 ару қатысты. Атап айтқанда,

1. Әмірханқызы Сымбат — Өнер факультеті.
2. Данаева Зарина Сәбитқызы – Жоғары мектеп.
3. Жақсылықова Нұрай Қалилақызы – Гуманитарлық ғылымдар факультеті.
4. Рахматулла Бибінұр – Инженерия факультеті.
5. Ораз Назым Мәлікқызы – Стоматология факультеті.
6. Мұстафина Арайлым Қашағанқызы – филология факультеті.
7. Қайып Еңлік Серікқызы – Әлеуметтік ғылымдар факультеті.
8. Мақтабай Арайлым Даниярқызы – филология факультеті.
9. Бабан Күләш Асанқызы – Жаратылыстану факультеті.

Ақылына көркі сай қыздардың арасынан оза шығып ерекше көзге түскен аруымыз, Өнер факультеті, дизайн мамандығының 3-курс студенті СЫМБАТ ӘМІРХАНҚЫЗЫ тәж иегері атанды. Мисс ІКТУ-2019 байқауының бас жүлде иегері Түркістан аруы байқауына жолдама алып, қомақты сыйлықпен марапатталды.





## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



## 29 EKİM CUMHURİYET BAYRAMI ÇOŞKUSU

Türkiye Cumhuriyeti'nin kuruluşunun 96'ncı yılı münasebetiyle 29 Ekim Salı günü Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde kutlama töreni düzenlendi.



Kültür Merkezi'nde yapılan etkinliğin açılışında Gazi Mustafa Kemal Atatürk ve Cumhuriyet Günü'ne saygı duruşu ve ulusal marşların okunmasıyla başlayan Cumhuriyet Bayramı kutlama töreni Türk dünyasından gelen hoca ve öğrencilerin katılımı ile coşkuyla gerçekleşti.

Törende konuşan Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, büyük bir milli mücadelenin sonucunda 29 Ekim 1923'te ulu önder Mustafa Kemal Atatürk tarafından Cumhuriyet rejiminin ilan edildiğini ve Cumhuriyet bayramının yalnız Türkiye'nin değil tüm Türk dünyasının bayramı olduğunu altını çizdi. Rektör Abdrasilov konuşmasının devamında, Atatürk'ün "Bugün Sovyetler birliği bizim dostumuzdur. Bu dostumuzun idaresinde dili bir inancı bir özü bir kardeşlerimiz vardır. Onlar bağımsızlığını alacaklar, onlara sahip çıkmalıyız" sözüne atıfta bulunarak, Kazakistan'ın ve diğer Türk Cumhuriyetleri'nin bağımsızlığını ilk tanıyan ülkenin Türkiye Cumhuriyeti olduğunu ve Bakü'de düzenlenen Türk

